

БЕКЕТ АТА – АҒАРТУШЫ, ӘУЛИЕ, ПІРӘДАР

БЕКЕТ АТА – ПРОСВЕТИТЕЛЬ, ПРЕДСКАЗАТЕЛЬ, СВЯТОЙ

ПІР БЕКЕТ АТА ТАҒЫЛЫМЫ

Алтай Тайжанұлы,

философия ғылымдарының докторы, профессор, Ақтөбе қаласы.

Бұл өмірде көп қой алғыр ойлы адам,

Ғұмыр бойы үлгі, өнеге жинаған.

Өзге ұлттар озық тұр ғой қалайда,

Аруақтарын, тарихын сыйлаған...

Ашылмаған құпия көп тірлікте,

Әрбір адам зерттелмеген бір нүкте.

«Бекет!», «Бекет!» дейді әркім әр жерде,

Бірақ біздер оны терең білдік пе!?

Ел арасындағы атақ-даңқына қарай ақындар осылайша өлең-жырларына арқау еткен. Әбіш Кекілбаев айтқандай, «әлсізге медет, күштіге айбар, зарыққанға жебеу, тарыққанға демеу, асқанға тосқан, сасқанға сая, ұрпаққа ұстаз, ұлысқа ұран, ел киесі, жер иесі» Бекет әулиені тану, онымен рухани рухтану деңгейіміз қандай? Ұстаздың тәлімдік, этно-мәдениеттік құндылық қазына есебінде жеткізу бағдарымыз бен ниетіміз қандай?! Міне, осы сұрақтарды егемен ел азаматы ретінде, өзімізге қоятын уақыт жеткен сияқты.

Егемен ел болу, өзіңнің әлемдік кеңістікте алатын орныңды белгілеу тек саяси-экономикалық өсумен, дамумен өлшенбесе керек. Біздің басқа мемлекеттермен тең түсуіміз үшін алдымен сол мемлекеттердің таным мен мәдениет баспалдақтарын, өркениетке өрлеу жолының күнгейі мен көлеңкесін бажайлағанымыз абзал. Сонда біз бұрынғыны бүгінгімен шендестіре отырып, әр нәрсенің өткенін, бүгінгісін және болашағын таразылай аламыз. Осы методологияны басшылыққа алып, тарихқа үңілсек, «тарихты жасаушы халық» деп қанша айтсақ та, «жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адасу керек» екенін білсек те, халық пен көптің күші

туралы айтылған саналуан ұлағатты сөздерге қанық болсақ та, қорыққанда, тарығып-торыққанда, тұйыққа тіреліп қысылғанда ұлы Абайдың:

...Көп шуылдақ не табар,

Билемесе бір кемел...-

деген ескертпелі есті сөзі, орамды ойы алдымыздан шығады да тұрады. Өйткені, нелер ұлы реформалардың, іргелі өзгерістердің, халық басына түскен нәубеттің де, ұлт шырайын шығарған шуақты күндердің де бастауында жеке тұлғалар мен дара дарындар, көпке ықпал ете алған киелі жандар тұрған. Олардың теориясы мен тағылымдарын орындау, жүзеге асыру, дәріптеу мақсатында тұтастары мен келер ұрпақ іс-әрекеттер істеген.

Олардың көпшілігінен қалған рухани қазыналар өзіндік тәлімдік-тәрбиелік, танымдық мән-мазмұндарының арқасында бірнеше ұрпаққа рухани азық болып, ұрпақтан-ұрпаққа көшіп, халқымыздың ғақлиятты ой кешу үрдісін құрап бізге жеткен. Соның бірі – Бекет Ата тағылымы.

Алайда, осы тағылымы мол тұлғаның, өз тұтастары мен кейінгі ұрпақтың ұранына айналған киелі жанның, кешегі кеңес заманында, бәріміз жаппай атеист болған тұста ұмытылмағанмен (ұмытылуы мүмкін де емес еді – А.Т.) рухани әсер ету өрісі біраз тарылып, ресми идеологияға қарсы келеді деп есептелгендіктен кейінгі ұрпақ санасынан заманы өткен рухтай ғана орын алды. Ресми орындар оның үлгі-өнегесін жастар жадында қалдыруға құлықты болмады.

Осының бір айғағы Қазақстанда шыққан сөздіктер мен энциклопедияларда Бекет Ата туралы күні кешеге дейін еш дерек болмағаны. Бұл көп томдық «Қазақ Совет энциклопедиясына» да қатысты. Онда патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы күрескен деп берілген Бекет Серкебайұлына арналған «Бекет батыр» жыры бар да әулие Бекет жоқ. Ал кеңес заманында барлық дінге, ескі сенім-нанымға қатысты адамдардың ешбірі айтылмаған екен десең, «Советский энциклопедический словарьда» сандаған архиепископтар мен епископтар, апостолдар, архиерейлер, дьякондар тағы басқалары тарихи тұлғалардай таңбаланыпты. Солардың ішінде біздің көзімізге бір Бекет шалынды, бірақ ол Пір Бекет емес, Кентерберийлік архиепископ Томас Бекет болып шықты.

Заман өзгереді, адам өзгереді, наным, сенім, түсінік, білім, билік түрі мен дәрежесі де өзгереді. Соның арқасында біз тарихымызға қайта үңілуге, қайта оқуға, жаңаша тануға мүмкіндік аламыз. Міне, осындай мүмкіндік ел

егемендігімен бірге келді. Дәл осы тұстан бастап Бекет ата да ұрпағының рухани күші, абырой-айбары ретінде ортамызға оралды. Ол туралы еркін айтылып, жазылып алғашқы еңбектер шыға бастады. Солардың ішінде Ә.Кекілбаевтың алғы сөзімен Алматыдағы «Арыс» қоры баспасы шығарған «Бекет Ата» (1994 ж) кітабының орны ерекше. Бұл үрдіс жалғасын тауып 1999 жылы Ақтауда (авторы И.Мырзабекұлы) Бекет Атаның имандылық тағылымдарының бірінші кітабы жарық көрді. Осы автордың ыждағатты еңбегінің арқасында биылғы 2000 жылы оның Бекет Ата имандылық тағылымына арналған 2-ші кітабын Алматыда «Дәуір» баспасы, ал «Жыр арқауы Пір Бекет» деп аталған имандылық тағылымды үшінші кітабын «Өлке» баспасы жарыққа шығарып, олар қалың оқырман игілігіне айналды. Егемен елдің рухани бостандығын көрсететін тағы бір белгі, 1997 жылы Алматыда жарық көрген «Маңғыстау» энциклопедиясы – «Пір, Әулие Бекет Ата Мырзағұлұлы», «Бекет Ата ескерткіш-ғимараттары», Бекет Атаға байланысты шыққан кітаптар т.б. туралы толық мәліметтер берілген.

Энциклопедиядағы «Оғыланды маңы», «Бекет Атаға барар жолда», «Бекет Ата ғимараты маңында», «Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Бекет Атаға тәуеп етуге келе жатқаны» сияқты түрлі-түсті суреттер де берілген. Бұл шаралар әулие атамыздың рухын, киелі қасиетін, иман-инабатын, өнегелерін жас ұрпаққа үлгі етудің басы әрі ғылыми-танымдық бетбұрыс болғай.

Жалпы, біздің ғылыми әдебиеттерде ұзақ уақыт бойы көңіл бөлінбей келген тұс, ол адамдардың ата-тегі. «Текті», тексіз» ұғымдары халқымыз санасынан бекер орын алмаған. Аңызда Бекеттің арғы атасы Мұңалдың «үйіне құт қонып, береке дариды». Мұңалдан тарайтын тұқымдардың ішінде, әсіресе, Қосқұлақ ауылының ұлыс ұранына айналған пір, ғұлама – қажылар, ақун-ишандар, сұпы-молдалар, бақсы-балгерлер, қысқасы, ислам дінін халық арасына уағыздаушы аузы дуалы, зайырлы кісілер көптеп шыққан. Бекет Атаның әкесі Мырзағұл – болжампаз, көріпкел кісі болған. Ол кісі жөніндегі ел аузында, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тарап біздің заманымызға жеткен әңгімелерге қарағанда, Мырзағұл атаның барлық ықылас-ниеті Бекетке ауған.

Қазақта «жігітті танымасаң нағашысынан сұра» деген нақыл бар. Бекет атаның кәрі нағашысы атақты Есет батыр, туған нағашысы қасиетті Назарқожа. Шешесі Жәния – намаз, оразасын қаза қылмаған, бәлиғат жасына жеткен соң, ауыл молдасынан сауат ашып, «Құран кәрім» «Сұпы Аллияр», «Пікәйден», «Мұхтасар» секілді ислам дінінің қаймағы саналатын шарифат

кітаптарынан дәріс алған. Бұдан шығатын қорытынды, Бекет жастайынан рухы күшті рухани ортаның әсерімен тәрбиеленген және ел ауызымен айтылатын:

...Таудан аққан тас бұлақ,
Тасыса құяр теңізге.
Жақсыдан туған жас құрақ,
Тартпай қоймас негізге –

деген халық даналығы Бекет Атаға да тікелей қатысты.

Әулие ата тұлғасын, ол туралы ел аузындағы жаттанды таным тұрғысынан түсіну мүмкін емес. Олар – бұл шеңберге сыймайтын күрделі әлеуметтік құбылыстар. Өйткені, Бекет Ата есімі ауызға алынса, онымен қоса пір, әулие ұғымдары қатар жүреді. Бұлардан басқа Бекет Атаның адасқанға, жаңылғанға жол көрсетер киелі киігі, ұшып жүретін аққулары, қасиетті асаяқтары, өзінің таң намазының сүннетін үйінде, ал парызын көзді ашып-жұмғанша Хиуаға ұшып барып имам-ұстазына ұйып жамағатпен оқып қайтатындығы туралы аңыздармен біздер сияқты атеистік бағытта тәрбиеленген елдің жұртшылығын сеңдіре қою қиын. Сондықтан аға ұрпақ өкілдерін көре қалған біздер қазіргі жас ұрпаққа, осы мәселелердің тарихи-гносеологиялық (таным-тағылеттік) жағын бүгінгі тарихпен, өркениетпен тұтастыра алып түсіндіруіміз керек.

Адамзат тарихы әлемді дүниетанымдылық тұрғыдан түсіндіруде баржоғы үлкен үш таным жолдарынан өтті. Олар: әпсаналық, діни, философиялық. Қай уақытта да материалдық игіліктен гөрі рухани игілік – қазыналардың ғұмыры ұзақ болатындығы, олардың әр кезеңге сай бірде жетіліп, бірде кетіліп отыратыны, тіпті өте көне түрлерінің бізге жетіп, жаңа ғұмырларының басталатындығы ғылымда әлдеқашан дәлелденген аксиома. Олай болса, бүгінгі жаңа заман адамдарының санасы мен танымында жоғарыдағы әпсаналық, діни және диалектикалық ой өлшемдері мен қорытуларының, сенім-нанымдарының, түсінік-пайымдарының болуы да, олардың жаңаша түсінілуі де заңдылық. Ендеше, кезінде «еліне шуақ шашар нұр болған, үш жүзге аты шыққан пір болған» Бекет Ата туралы ақиқат пен аңызды, шындық пен қиялды да танымдық парасат биігінен парақтай оқыған жөн.

Ежелгі грек мәдениетін зерттеуші, ғалым Н.А.Кун: «құдайлар, құбыжықтар, қаһармандар, әулиелер туралы ежелгі мифтер мен аңыздарды

ғылыми-көпшілік тұрғыдан мазмұндауға болатындығы» туралы пікір білдірген. Рухани синкреттілік ұғымын басшылыққа алар болсақ, бұл тұжырым қазақ халқының аңызнамалары мен дүниетанымдық пайымына, ғақлиятты ой кешу үрдісіне де тән болмақ. Енді осы пікірімізді нысана етіп Бекет Атаға қатысты «рух», «аруақ», «әулие», «пір», «кие» ұғымдарының мән-мазмұндарына көңіл аударалық.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: Рух, рухтану – адамның ой-санасы, ішкі дүниесі, қайраттану, жігерлену, шабыттану, рухани күш-қуат, батылдық, жігерлілік, аруақтану (8-том., 78-79 беттер), - делінген. Рух адам санасының дерексізденуі, яғни заттың бейнесі сол зат болмағанда да санада шындық ретінде сақтауға мүмкін болған кезде қалыптасқан. Рух туралы біліміміз күні бүгінге дейін толық емес. Біз рухты көбіне санаға қатысты қарастырамыз. Сана тек адамға ғана тән болса, рух – сананың объективті мәнге ие болған көріну формасы. Адамның дүние туралы түсінігінің басы өзін табиғаттан бөліп алу процесіне және өзінің рухани қасиеттерін тануға талпыныс жасаумен байланысты.

Бекет Атаға қатысты ел ауызындағы аңызнамалардың шығуына және таралуына көпшілік санадағы таным себеп. Сондықтан да, Мұхаммед пайғамбардан бастап В.И.Ленинге дейінгі әлеуметтік аралықтағы тарихи жеке тұлғалар туралы аңыздар, әңгімелер жылдар өткен сайын көбейіп, толығып отырады.

Алайда, аңыз деген ертегі емес, шындық, нақтылап айтсақ, рух шындығы, идея шындығы екендігіне соңғы жылдарда көзіміз жетіп, көңілімізге сенім ұялай бастады. Көбінесе аңыздағы идея шындығының өмір туралы натуралистік түсініктен жоғары болатыны да рух болмысына қатысты болса керек.

«Аруақ» ұғымына жоғарыда аталған сөздікте «қасиетті, киелі, ардақты деп танылған рух, күш-қуат» (1-том, 350-бет) деген анықтама берсе, энциклопедияда: ол – «тірісінде ел ағасы, ру басы, би, батыр, көреген болған қадірлі адамдарды қасиет тұтып, киелі санап, соның аруағына (рухына) сыйыну салты» (ҚСЭ., 1-том., 438-бет). Біз Бекет Атамызды «аруақты» дегенде, оның саналы өміріндегі осынау зиялы қасиеттердің бойында болғанына қарай айтамыз. Ел арасындағы: «аруағыңнан айналайын», «аруақ жар болсын», «аруаққа шет болма» (жолдан тайма, біреудің обалына қалма), «аруағын аяққа басты» (қорлады, менсінбеді), «аруақ атсын», «аруаққа сыйынды», «аруақ шақырды», «аруақтанып кетті» (шабыттанып кетті) деген ұғым-түсініктеріміздің болуын, «аруақ» деген сөзден басымызды ала қашпай,

абстрактілі ой-танымымыз бен тілдік жүйеміздің тұтасуы деп қабылдағанмыз санаға сыйымды.

Бұларға қоса, қазақ халқы арасында ренжігенде «әулие болса» (соншалықты мықты болса), «кімнен әулие еді» (қай жері артық, қадірлі еді), ал қадірлегенде «әулиелік» (алдын ала болжаушылық), «әулие-әмбие» (қасиетті, киелі жандар, пайғамбарлар), «әулие тұтты» (аса қадірлеп қастерледі, бас иді) деген ұғымтүсініктер бар. Біздің ойымызша, тірісінде өз төңірегінен ой оздырып, иісі қазаққа танылған зиялы, білімдар жан Бекет Ата атына бұл таным-түсініктердің бәрі де сияды.

Сөздікте: «Әулие» – наным-сенім бойынша адамдардың тағдырына ықпал жасай алатын, қасиетті, киелі жан. Энциклопедияда: «Әулие» – қалыптасқан наным-сенім бойынша тірілердің тағдырына ықпал жасай алатын қасиетті, киелі адамдар.

Әулие ата дүниеден өткеннен кейін оның осы жағына ұрпақтары көп көңіл бөліп, аруағына сыйынып, өз тағдырларының тәлкекті тұстары мен сын сағаттарында, ноқайлар мен «баспақ-тана жиылып, пәни болған заманда», қайсы біреулер «жаптым жала, жақтым күйемен» істерін тындырып, ел сыйлаған азаматтардың етегіне жармасып жүрген, «балақтағы биттің басқа шыққан» заманда, үлкен мен кіші сыйластығының үндестігі үзіліп, «інісі бардың тынысы», «ағасы бардың жағасы» болмай тұрған заманда, «хан азса халқын сатады, халық азса хандыққа таласадының» кері келе ме деп, көпшілік сананы қорқыныш, үрей билеп тұрған заманда Бекет ата аруағына сыйынып рухтанудың, жігерленудің, қайраттанудың, пессимистік санадан оптимистік санаға көшуге құлшыныстың жеке адамға да, ұлт-ұлысқа да зияны бола қоймас. Бұл таным процесіне де қайшы келмейді.

Бұларға қоса Бекет Ата – киелі, әрі пір. Ауызекі айтылу арқылы да, бізге жеткен түсінік бойынша да, жоғарыдағы ғылыми түсіндірме сөздік пен энциклопедияларда да кие – қазақ нанымында кейбір тіршілік иелері мен жан-жануарларда болады. Бұған байланысты, ертеде көп ырым-жорамалдар болған. Мәселен, аққуды атпау, боз биеге тимеу, бірақ, ерекше жағдайда оны құрбандыққа шалу, желі кеспеу, бақанды аттамау, дәм-тұз киесіне ұшырамау, киелі адам зиратында түнеу... Сонымен, «Кие – бірдеңенің пірі, иесі, қасиеті. Аруақ не бірдеңенің кесапаты тиеді деген түсінік» (ҚТТС, Алматы, 1999 ж. 312-бет). Бірақ киелінің бәрі пір емес. «Пір – әулие атанған, аскеттік өмір сүрген адам. Ол ақыл парасатты, зерек ойлы, қолдап-қорғаушы рух, аруақ, демеуші, қорғаушы, сүйеніш» (ҚСЭ., 9-том, 392-бет, ҚТТС, Алматы., 1999 ж., 534-бет). Ал тарихи аңыздар мен бізге жеткен желілі деректерге

қарағанда, Бекет Ата көзі тірісінде айналасына жоғарыдағыдай қасиеттерімен мәшһүр болған жан. Оның атақ-даңқы жылдар, ғасырлар өтіп, әзиз ата бізден алыстаған сайын зорайып, әртүрлі аңызнамалық әңгімелермен, танымдық фольклорлық деректермен толығып отырған. Сондықтан да оған әр заман ұрпақтарының бірі бар болмысымен, екіншілері интуитивті түрде болса да бас иген, қастерлеген. Ол «пір тұту – әулиедей көріп бас июді, құрмет тұтуды, қастерлеуді білдіреді» (ҚТТС, 8-том, 32-бет.). Бұл ұғым біздің сөздік қорымызда бар, халқымыздың ой санасына кіріккен, өзара қатыста қолданылып жүрген сөздер, оларды жатсынудың қажеті жоқ.

Бізге жеткен аңыздарға қарағанда, Бекет Атаның пірленуі де өте нанымды, танымдық тұрғыдан дәйекті. Бекет алдымен тама Есет батыр сияқты қастерлі, қасиетті адамдардан бата алады, ел ішінде сауатын ашады. Алғаш атасынан оқып хат таныған, кейін ауыл молдасынан сауатын ашып, ой-өрісін, сана-сезімін кеңейткен, бала Бекет дәріске өте ынталы болып, зеректік көрсетеді. Ұстаздарының берген тапсырмаларын уақытында орындап, тәртібі жағынан болсын, білім деңгейі жағынан болсын, тіпті адамгершілік-имандылық қасиеттері жағынан болсын өзі қатарлы балалардан көш ілгері, жоғары болады. Ауыл молдасынан тәлім-тәрбие алған 3-4 жылдың ішінде-ақ білім дәрежесі, түйсігі ұстазынан бір де кем болмайды. Бала Бекет 8-14 жас аралығында ата-бабаларынан келе жатқан әлем, жаратылыс туралы діни кітаптар мен пайғамбарымыздың хадистерін өз бетінше оқып, білімін тереңдете түседі. Енді ол шарифат үкімдерін жатқа айтып, Алланың ақ жолын елге насихаттай алатын дәрежеге жетеді. Сөйтіп, болашақтағы пірдің зайырлық қасиеті бала жастан, дәлірек айтқанда, сегіз жасынан біліне бастайды. Ал Хиуа медресесін бітіріп елге оралған соң өзі білім алған, өмір сырларын үйренген, қияға қанат қондатқан алтын ордасы, онда дәріс берген ғұлама ұстаздары туралы жастарға әсерлі әңгіме айтатын болған. Өзі болған Мекке, Мәдина, Түркістан туралы, олардың танымдық-тағылымдарына қатысты әңгімелерді де өз шәкірттеріне көптеп берген. Елде көптеген мешіттер ашып, біржола тақуалық жолға түскен.

Бекет Ата – өз тұсында терең білім алумен қатар, зайырлы қасиеттер қонған, елге танылып, билікке араласқан, өнегелі-ойлы сөздер қалдырған адам. 63 жыл өмір сүрген саналы ғұмырында: «Бейнетіне сабырлық қылсын, ал рахатына шүкірлік қылсын», «Жақсыны өзің үшін, ал жаманды мен үшін сыйла», «Ниетің жолдасың болсын», сондай-ақ «Тек жүрсең тоқ жүрерсің» деген сияқты нақылдарды жиі қайталаған, өмірлік кредосы еткен.

Ұстазы Бақыржан қажы қартайған шағында Бекет ата оған сәлемдесуге барады. Білімін үнемі тереңдетіп жүрген, дін жолын мықты ұстанған, инабаттылықтың үлгісіндей болған шәкіртіне кеңілі ауып, ол Бекетке пірлену жөнінде ұсыныс-тілек білдіреді. Бұл кез жігіт ағасы Бекеттің қырық жастан асқан кезі болатын. Өмір бойы ұстазының алдынан кесе-келденең өтпеген шәкірт ұстазының ұсынысына қарсы болмайды.

Ұстаз шәкіртіне пірлену жолдарын, пірленудің талап-міндеттерін айтып, келесі жылы қасиетті Рамазан айынан соң келіп, пірленіп кетуді тапсырады. Елге үлкен де жауапкершілікті міндет алып қайтқан шәкірт ұстазының тапсырмаларын тиісті дәрежесінде толық орындайды. Келесі жылы айтқан уақытында барып өңкей ғұлама, ишан-ақұндар мен пірлер жиналған жамағат алқасының алдында ұстазы Бақыржан қажының ақ батасын алып, пірленіп туған топырағына Бекет Пір атанып оралады. Содан кейін-ақ, ел арасында «Мәдинада – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа-Ахмед» сезіне «Маңғыстауда – Пір Бекет» тіркесі қосылып айтыла бастайды.

Оқырманға түсінікті болу үшін айта кетелік, әр заманның өз сый-құрметі, ардақтау дәстүрі, атақ-дәреже беру жолдары мен жөндері болған. Бұл қазіргі заманда да бар. Олар: соғыс пен еңбекте көрсеткен ерліктері мен істері үшін батыр атағын беру, әртүрлі дәрежедегі шендер мен атақтар, әскери, ғылыми, өнер мен әдебиет салаларында. Бұларға қоса, қаланың, облыстың құрметті азаматтары атағы, басқа да белгілер мен марапаттаулар және бар.

Ал осыларға да жоғарыдағы ұстаз Бақыржан қажының шәкірті Бекетке пірлену үшін қойған талаптарына ұқсас талаптар қойылады. Бірақ адамнан да, құдайдан да қорықпайтын, ел пікірімен есептеспейтін қазіргі заманда сол талаптар орындалып жатыр ма, орынды адамдарын тауып, солар сол сый-құрметке бөленіп жатыр ма немесе біз атақ-дәрежемізге сай болу үшін шәкірт Бекеттей қызметтендік пе?! Бұл – үлкен сұрақ. Егер солай етсек, адамнан да, құдайдан да қорықпай, «пірленіп» жүрген бүгінгі күнгі «көлгір көсемдер», «ноқай басшылар», ғалым санатындағы «ғалымсымақтар» азайып, саннан сапаға көшер ме едік, кім білсін?!..

Жалпы, ертеден келе жатқан барлық халықтардың дүниетаным жүйесі бойынша тәңірлік, көрегендік, батырлық, құдірет-күшті дәріптеу, ата-бабаны, көсемдерін құрметтеу – адамдардың рухани болмысының бір діңгегі. Сондықтан да ұлылардан да ұлыларын ұлықтап, салт-дәстүрлерін сақтап, әртүрлі әндер мен гимндер шығару қоғамдық қатынастардың даму дәрежесінде көрсетіп, синкреттік тұрғыда бір-біріне ұқсас, сай келіп отырған. Мәселен,

ежелгі грек халқындағы әскерлердің жауынгерлік гимндері – пәндер, үйлену тойы гимндері – гимнейлер, өлікті арулау кезіндегі жылап-сықтау – орендер. Олай болса, әулие, Пір Бекет Атаның бір рулы елдің ұранына айналуы, үйлену тойы алдында қасиетті атаға барып тәуеп етіп, одан кейін тойда жар-жар айтылуы, ата аруағына сыйынып жаңа істер бастау қазақ халқының әдет-салты мен наным-сенімдерінің бүкіл әлемдік рухани үрдіспен үндесіп жатқандығын көрсетеді.

Бекет Ата туралы алда талай айтылар да, жазылар да, жеке еңбектер де шығар. Бұл – бүгінгі тірілердің парызы. Осы парызды өтеудің, біздің ойымызша, ең бастысы – Бекет Атаның тағылымдық-тәлімдік қасиеттеріне көп көңіл бөлуде болмақ. Бүгінгі ұрпақ өздерінің ұлттық рухани уызына жарымай, оны мейірлене жұта алмай қалған ұрпақ. Сондықтан да біздің этно-мәдениеттік дәстүрімізде үзіктік бар, ұмтылыс қалған, өткір бұрыштарды айналып өткен тұстарымыз бар. Ол жас ұрпақ санасына әсер етпей қалған жоқ. Соның бір белгісі, Абайша айтқанда, «түзу сөзге сенер ме, түзелмесін білген ездердің», «өзі шошқалардан өзгелерді ит деп ойлайтыңдардың» арамызда жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаулап кетуі, керісінше, «Бірінді, қазақ, бірің дос көрмесен істің бәрі бостығының» ұмытылуы.

Бекет Ата сияқты қасиетті жандар арқылы өткенімізбен табысу және танысу кез-келген оқырманның дүниетанымын кеңейтеді. Оларды білу тарих, тіл мен әдебиет, философия, өнер тану мамандары мен осы сала бойынша маманданып жатқан жастар үшін ғана емес, барша сауатты адамдарға қажет, біздің ойымыз бен ішкі сарайымызды түзеуге қажет.

Жаңаша ойлау – бүкіл адамзатты нәсіліне, дініне, шыққан тегіне карамай ортақ түсінікке, мәмілеге шақыру. Негізгі мәселе – бүкіл адамзаттың қазына-байлықтарын сақтау, оның ішінде сан ғасырлық тарихы бар рухани қазынаны игілікті игерудің орны ерекше. Алайда, біздің ойлау жүйемізді әлі күнге дейін еркін көсілуге жібермейтін бір тосқауыл бар. Оның аты – санамыздағы идеологиялық сірі түсінік (стереотип). Бұл бағыт әуел бастан-ақ «ақ» пен «қараға» құрылған. Сондықтан да кезінде жас өскіндеріміз: «Мен айтайын тақпақ, Ленинді мақтап, Байдың жолы қап-қара, Ленин жолы аппақ» деп тақылдады. Кейін есейген соң олар «біз» және «жауымыз» деген позицияны ұстанды. Бүгін де осы жолмен, өңімізді өзгертіп «хамелеондық» қасиетпен келе жатырмыз.

Бұрынғы қоғам құлағанмен, осы сірі түсінік санада қалып отыр. Олай болса, біз сияқты «лашықта» тұратындар мен «ақ сарайда» тұратындардың пікірлері ешқашан бір жерден шықпаса керек. Өкінішке орай, біздің

қоғамдық сананың қауіпті дерті, ерекшелігі сол: «лашықта» тұратындар «сарайда» тұратындардың сөзін сөйлеуде, құлдық психологиямен, тобырлық түсінік-санамен соңына еруде. Бұл өзі ұзақ және өз алдына бөлек әңгіме.

Ал дүниетанымдық тұрғыдан келсек иман, инабат, адамгершілік, ізеттілік, ізгілік іздері, қайнар көзі көне таным – діни танымда, дінде жатыр. Дін – адамның күнәдан тазару жолы, адамды адамшылыққа бастау, тәрбиелеу жолы. Сондықтан адам баласына оның сенімін алдамайтын, шын мәніндегі пайғамбарлық, хакімдік, әулиелік қасиеттер мен дәрежелерге адал қылығымен, ізгілікті істерімен жеткен, халық құрметіне бөленген, өздері қастерлеп көтерген адамдар керек. Олар – жол бастаушылар, рухы күшті, қасиетті, қадірлі адамдар. Олардың өмірлері үлгі-өнегелі, тәлім-тағылымды. Сондай қастерлі тұлғалардың бірі ақыл, дара парасат, дара рух, дара шапағат, дара шарапат иесі Пір Бекет Ата тағылымдарының жас ұрпаққа берері мол.

В данной статье автор, на примере исторических источников и произведений устного народного творчества о Бекет ата, дал объяснение таким понятиям, как аруак, аулие, пир, кие. Также уделил внимание образованию, обретению особого священного статуса.

The author gives explanation to such conception as aruak (holy person), aulie (saint), pir (holy creature) based on historical sources and verbal folk creation about Beket Ata in this article. He also paid attention to education getting special holy status.